

НҮРЛЫ ЖОЛ

1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№38 (3303), жұма,
9 май, 2025 жыл

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ НАҒЫЗ ЕРЛІК ПЕН ҚАҺАРМАНДЫҚ ШЕЖІРЕСІ

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл өтті. Осы уақыт өткеніне қарамастан, оның тарихы, қайғы-қасіреті ұмытылмайды. Керісінше, соғыстың сұмдық салдары мен бейбітшілік пен тыныштықтың қадірін еске салады. 9 май — Еске алу және қастерлеу күні осы терең мағынамен үндеседі.



Президент Шавкат Мирзиязев осы күнге орай Жеңіс бағында болып, еске алу рәсіміне қатысты.

Бак ішін мұнды әуен тер-бейді. Мұндағы әрбір ескерт-кіш, белгі мен жазу сол сұра-пыл соғыстың шындығын бей-нелейді және халқымыздың Жеңіске қосқан зор үлесін ай-ғайтайды. Бұл бак, әсіресе, ме-реке күндері адамдарға толы болады.

Сонғы жылдары қалыптас-қан дәстүрге сәйкес, еліміздің басшысы “Матонат мадхияси” ескерткішінің түбіне гүл шоғын

қойды. Бұл көрнекті ескерткіш — халқымыздың соғыс кезінде көрген азаптары, ерлігі мен құрбандықтарының бейнесі.

Құжаттардан белгілі болған-дай, фашизмге қарсы қанды шайқастарға сол кезде 6 ми-лион 800 мың болған халықтың шамамен 2 миллионға жуығы қатысқан. Олардың 540 мыңға жуығы қаза тапқан, 158 мыңы хабарсыз кеткен, 50 мыңнан астамы концлагерьлерде азап пен қорлықтан қаза болған, 60 мыңнан астамы мүгедек болып оралған.

Өзбекстандың сарбаздар

мен офицерлердің 214 мыңға жуығы жауынгерлік орден-ме-дальдармен марапатталғаны олардың ерлігіне дәлел.

Соғыс жылдарында еліміз майданның сенімді тылына ай-налып, ұрыс даласына көп көлемде әскери техника, қару-жарақ, киім-кешек пен азық-түлік жіберілген. Өте қиын жағ-дайда халқымыз соғыс аймақ-тарынан көшірілген 1 миллион 500 мыңға жуық адамды, соның ішінде ата-анасынан ай-ырылған 250 мың жетімді қам-қорлығына алып, мейіріммен қарсы алған.

— Бұл — нағыз ерлік пен қаһармандық шежіресі. Осын-дай күрделі әрі даңқты Жеңіске лайықты үлес қосқан қайсар халқымызбен қанша мақтансақ та орынды. Бұл ерлікті ешқашан ұмытпауымыз, жастарымызға жеткізуіміз керек. Әсіресе, қазіргі аумалы-төкпелі заманда бұның маңызы орасан зор. Бар-лығымыз ел қорғауға күн сайын дайын болуымыз қажет, — деді Шавкат Мирзиязев.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 19 февралыдағы қаулысына сәйкес, Екінші дү-ниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80

жылдығы мен Еске алу және қастерлеу күні лайықты түрде аталып өтілуде. Бүгінгі ұрпақ-тың бейбіт өмірі мен еліміздің тұрақтылығы үшін жанын қиған адамдардың рухы құрметпен еске алынып жатыр. Сонымен қатар көзі тірі еңбек ардагер-лері мен қарттарға да ерекше құрмет көрсетілуде.

Шараға Өзбекстан Қарулы Күштері, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың өкіл-дері, махалла белсенділері мен ақсақалдар да қатысып, ескер-тішке гүл шоктарын қойды. Мемлекет басшысы бак

ішіндегі “Хотира нури” компо-зициясын да аралап көрді. Ол Екінші дүниежүзілік соғыс пен тылда еңбек еткен өзбекстан-дық қаһармандардың құрметі-не арналған. Монумент ұшып бара жатқан екі құс бейнесін-де жасалған, ол үлкен мен жас буын арасындағы сабақтастық-ты білдіреді.

Бұл туынды тарихи мұра мен заманауи өнерді тоғыстырған. Онда QR-сілтеме орнатылған — келушілер кешен мен соғыс қаһармандары туралы оқып, “Хотира нури” кітабын жүктей алады.

Президент Шавкат Мирзиязев Жеңіс бағындағы “Ұлт жанкеш-тілері” аллеясында болды.

Мемлекет басшысының бас-тамасымен құрылған бұл ескер-тіш — тәуелсіздік жылдарын-да елімізді қорғау жолында қаза тапқан әскери қызметкер-лер мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің рухына арналған.

Кешен жоғарыдан қараған-да еліміздің байрағындағы жарты ай мен он екі жұлдыз бейнесін көрініс береді. Биік-тігі шамамен екі метрлік жұлдыздардың қырлары есте-лік такта қызметін де атқара-ды. Олардың бүйір жақтарына 196 қаһарманымыздың есімі алтын әріптермен жазылған. Бұл жазбалар жанына орнаты-лған мониторлар арқылы ұлт жанкештілері туралы ақпарат-тар — фотосуреттер мен бей-нематериалдар көрсетіледі.

Яғни, олардың тек есімі ғана емес, балалық шағы, армандары, еңбегі мен отбасы көз алдымызға келеді.

Байрағымыздағы жарты ай шағын амфитеатр түрінде ал-леяға ерекше көрік береді. Оның үстінен пәктік рәмізі — су ағып тұрады. Жарты айдың ар-тындағы мүсіндік композиция көркем идеяны түйіндейді. Оның ортасында ұлын шыға-рып салған ата-ананың бейнесі бейнеленген. Екі қапталында Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше

жағдайлар министрліктері, Жо-ғарғы сот пен прокуратура, Мемлекеттік қауіпсіздік қыз-меті, Кеден комитеті, Ұлттық гвардия сияқты құрылымдар-дың өкілдері бейнеленген.

Президентіміз осы жерде марқұм әскери қызметкер-лердің отбасы мүшелерімен кездесті.

— Біз жыл сайын бұл жерге келіп, Екінші дүниежүзілік соғыс-тағы шығындарды еске аламыз. Енді міне, тәуелсіздік жанкешті-леріне арналған осындай кешен құрғанымыз — өте игі іс болды. Себебі олар да — біздің ұлттық қаһармандарымыз. Бұл аланның рухани мәні ерекше. Бұл — өзін тану, бұл — адам қадірі, — деді Шавкат Мирзиязев.

Мемлекет басшысы Отан қорғаушыларының отбасыла-рына терең құрметін білдірді:

— Бұл ержүрек ұлдар қиын жағдайда өзін ойламай, бори-шына адал болып, халқы үшін жанын құрбан етті. Қазіргі ты-ныштық пен аспанымыздың ашықтығында олардың зор үлесі бар. Отбасы мүшелері, барша жақындары білуі керек — олар арамызда тірі сияқты, есімдері ешқашан өшпейді. Біз бұл мәңгілік естелікті осы алан-да мәңгілікке бекіттік. Мен олардың ата-анасына, жұбайла-рына бас иемін. Перзенттері өз батыр әкелеріне лайық болсын деп тілеймін, — деді Прези-дент.

Ұлт жанкештілері туған аудандарда еске алу шарала-рын өткізу, олардың ерлігін жастарға үлгі ету, қаһарман-дықтары туралы шығармалар жазу қажеттігі атап өтілді.

Президент Шавкат Мирзиязев Екінші дүниежүзілік соғыс және еңбек майданы ардагерлерін де зиярат етіп, оларды мере-кемен құттықтады.

(Жалғасы 2-бетте.)

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреті.

ӨЗБЕКСТАН ХАЛҚЫНА МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті отандастар!

Ең алдымен сіздерді, қымбатты аза-маттарымызды, күллі көпұлтты халқы-мызды қасиетті мереке — Еске алу және қастерлеу күнімен, сондай-ақ Екінші дүниежүзілік соғыстағы Ұлы Же-ңістің 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтап, баршаңызға зор құрметім мен ізгі тілектерімді білдіру мен үшін үлкен бақыт.

Осы толқынысты әрі қобалжулы сәттерде адамзатты фашизм апатынан құтқаруға лайықты үлес қосқан қаһар-ман ата-бабаларымызды еске алып, олардың жарқын рухы алдында тағзым етеміз.

Бүгінгі таңда Жаңа Өзбекстанды құруда алтынға бағаланатын ақ бата-лары мен ақыл-кенестері арқылы бел-сенді аталысып жүрген соғыс және еңбек ардагерлеріне ерекше алғысы-мызды білдіреміз.

Күмәнсіз, бейбіт әрі берекелі өмірі-міздің қорғандары ұлықталатын осын-дай нұрлы мерекеде тәуелсіздік жыл-дарында Отанымыздың еркіндігі мен халқымыздың тыныштығын қорғау жо-лында ерлікпен қаза тапқан ержүрек жауынгерлеріміздің рухына құрмет көрсету — баршамыздың қасиетті бо-рышымыз.

Кымбатты достар! Адамзат тарихындағы ең қасіретті қырғын — Екінші дүниежүзілік соғыс бүкіл әлем халықтарына, соның ішінде халқымыздың басына ауыр қайғы-қасі-рет, орасан зор шығын мен орны тол-мас жоғалтулар әкелгені ешқашан ұмы-тылмайды.

Бұл — уақыт пен кеңістік шека-расын білмейтін шынайы ерлік пен батырлықтың шежіресі.

Осындай ұлы, даңқты жеңіске лайықты үлес қосқан қайсар хал-қымызбен қаншалық мақтансақ та артық болмайды.

Сонғы жылдары жанқияр ғалымдар мен мамандардың зерттеулері нәтиже-сінде Екінші дүниежүзілік соғыс тари-хының жаңа беттері ашылуда.

Құжаттар көрсеткендей, фашизмге қарсы қанды шайқастарға сол кездегі 6 миллион 800 мың халқымыздың шама-мен 2 миллионға жуығы қатысқан. Олар-дың ішінде 540 мыңға жуығы қаза тап-қан, 158 мыңы із-түзсіз жоғалған, 50 мың-нан астамы концлагерьлерде адам төзгі-сіз азаптардан қаза болған, 60 мыңнан астамы мүгедек болып оралған.

Өзбекстаннан барған жауынгерлер мен офицерлердің 214 мыңға жуығы орден-медальдармен марапатталып, 301-і Кеңес Одағының Батыры деген жо-ғары атаққа, 70-тен астамы “Слава” ор-денінің үш дәрежесіне ие болғаны — хал-қымыздың соғыс майдандарында көрсет-кен ерлігі мен батылдығына берілген жо-ғары бағаның айғағы екені сөзсіз.

Соғыс жылдарында еліміз майдан-ның сенімді тылына айналып, респу-бликаның түрлі аймақтарынан әскери техника, қару-жарақ, дәрі-дәрмек, киім-кешек, азық-түлік және басқа да қажетті өнімдер мол көлемде жеткізіліп отыр-ғаны — сол қиын дәуірдің ұмытылмас беттерінің бірі.

Соғыс отына оранған аймақтардан елімізге 170-тен астам зауыт-фабрика көшіріліп әкелініп, қысқа мерзімде 280 жаңа кәсіпорын салынды.

Халқымыз аса ауыр және күрделі жағдайларда соғыс аймақтарынан елге жеткізілген 1 миллион 500 мыңға жуық адамды, соның ішінде ата-анасы-нан айрылған 250 мың жетім баланы қушағына алып, оларға мейірім мен қамқорлық көрсетті.

Осындай тарихи оқиғаларды қайта еске ала отырып, қандай жағдайда да адами сеніміне берік болған, жүрегі кең, мәрт халықтың ұлы гуманистік қасиеттеріне ризашылықпен бас иеміз.

Құрметті отандастар!

Сонғы жылдары біз қаһарман ата-бабаларымыздың өмір жолын, қызме-тін, ерлігі мен қайсарлығын терең зерт-теп, кен насихаттап, жас ұрпақты олар-дың даңқты дәстүрі рухында тәрбие-леу жолында көптеген істерді жүзеге асырып келеміз.

Бұл бағытта Ташкент қаласында бой көтерген Жеңіс бағы мен өңірлердегі “Ватанпарвар” бақтары маңызды рөл атқаруда.

Аталған қасиетті орындар қысқа мерзім ішінде барша отандастарымыз бен шетелдік меймандар үшін құрмет-пен баратын қастерлі зиярат мекенде-ріне айналды.

Осындай игі істеріміздің жалғасы ретінде Жеңіс бағы аумағында Отан қорғаушыларына арнап салынған тағы бір тарихи ескерткіш — **“Ұлт жанкеш-тілері кешені”** де сөзсіз, ерекше ма-ңызға ие.

Сенімдімін, онда есімдері алтын әріптермен жазылған жүздеген марқұм батыр әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары қызметкерлеріне ар-налған бұл көркем ескерткіш — халқы-мыз жүрегімен бағалап, мақтанышпен баратын тағы бір қасиетті орынға ай-налады.

Құрметті достар! Бүгінгі таңда **“Адам қадірі үшін, адам бақыты үшін”** деген ізгі идея өмірімізге барған сайын терең сіңіп бар-рады.

Биыл Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылар мен мүгедектерге 10 мың АҚШ доллары, осы санатқа тенес-тірілген тұлғаларға 25 миллион сум, еңбек майданына қатысушыларға 3 миллион сум мөлшерінде біржолғы ақшалай сыйлықтар және “Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығы” мерейтойлық медальдары-ның табысталғаны — ардагерлеріміз

ге көрсетілген қамқорлық пен құр-меттің нақты көрінісі болды.

Соғыс ардагерлері мен мүгедекте-ріне медициналық және әлеуметтік қызметтер, соның ішінде патронаждық қызметтер көрсетілуде. Олар өз қала-уымен шипажайларда ем қабылдауда.

Осы қуанышты күндері халқымыз ардақты қарияларымызды, соғыс және еңбек ардагерлерін зиярат етіп, олар-дың батасын алуда.

Тиісті министрліктер, мекемелер мен ұйымдар, әскери бөлім басшыла-рының қатысуында соғыс және еңбек ардагерлері, сондай-ақ тәуелсіздік жылдарында қызметтік борышын өтеу кезінде қаза тапқан әскери қызметші-лер мен құқық қорғау органдары қыз-меткерлерінің отбасы мүшелерінің хал-жағдайына хабар алынып, оларға қажетті көмек пен қолдау көрсетілуде.

Әлбетте, бүгінгі бейбіт, еркін өмір үшін өз ханын аямаған мұндай жанқи-яр адамдардың алдында біз әрқашан борыштармыз. Олар алдағы уақытта да мемлекетіміз бен қоғамымыздың қамқ-орлығын, құрметін сезініп өмір сүреді.

Қымбатты да ардақты отандастар! Қазіргі күрделі әрі қатерлі заманда жастарымызды жан-жақты кемел тұлға-лар етіп тәрбиелеу, еліміздегі бейбіт-шілік пен тұрақтылықты, ұлтаралық және дінаралық келісім мен татулық-ты сақтау жолында қаһарман ата-ба-баларымыздың Екінші дүниежүзілік со-ғыс жылдарында көрсеткен табанды-лығы мен ерлігі біз үшін әрдайым өнеге мектебі, рух пен шабыттың қайнар көзі болып қала береді.

Осы ұмытылмас мерекеде сіздерді, ғазиздерді, ардақты ардагерлерімізді және бүкіл халқымызды тағы бір мәрте шын жүректен құттықтап, баршанызға зор денсаулық, бақыт пен табыс, ша-нырақтарыңызға береке мен молшы-лық тілеймін.

Еліміз аман, халқымыз бейбіт бол-сын!

Шавкат МИРЗИЯЕВ,
Өзбекстан Республикасы
Президенті

ӨЗА

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНА БАРДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиязев 8 май күні іс жүзіндік сапармен Мәскеу қаласына барды.

Өзбекстан жетекшісіне арналған резиденцияға мемлекетіміз басшысын Ресей Федерациясы Президенті Әкімшілігі басшы-сының орынбасары Максим Орешкин мен Үкімет Төрағасының бірінші орынбасары Денис Мантуров қарсы алды.

Сапар бағдарламасына орай, Президентіміз Екінші дүниежү-зілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына арналған салтанатты шараларға қатысады және бірқатар екіжақты кездесулер өткі-зеді.

ӨЗА

БЕРІК ҚОҒАМНЫҢ ТІРЕГІ

Зарбдор ауданында әйелдердің әлеуметтік-экономикалық белсенділігі жылдан-жылға артып келе жатқаны көңіл қуантады. Бұл үрдіс әсіресе пілль шаруашылығы саласында айқын байқалады.

Биылғы маусымда аудан бойынша 2282 қыз-келіншекке 1517 қорап пілль таратылды. Соның нәтижесінде әйелдер жұмыспен қамтылып, олардың табыс көзі ашылды.

Айта кетерлігі, “Шарқ Юлду-зи” махалласының тұрғыны Жу-махол Шоимова осы салада тәжірибесі мол маман. 35 жыл-дан бері пілль өсірумен айнал-дысқан ол бүгінде өз үйінде 9 қорап пілль өсіруде. Жумахол апамыздың тынымсыз еңбегі отбасына ғана емес, аудан тұрғындарына үлгі-өнеге. Ол жастарға және басқа да әйел-дерге практикалық кеңестер беріп, олардың салада бел-сенді болуына көмектеседі.

“Эндіжан” махалласының тағы бір белсендісі Айнура Аб-дуллаева да пілль шаруашы-лығын өмірінің ажырамас бөлі-гіне айналдырды. Ол кәсіптің қыр-сырын енесінен үйреніп, қазір 3 қорап пілль өсіруде. Айнура апамыздың ерен еңбе-гімен аудандағы 14 шаруашы-лықтағы 34 әйел 29 қорап піл-ләмен айналысуда.

Зарбдор әйелдері — шыдам-дылықтың, еңбектің, шабыттың символы. Олардың қайсарлығы мен талпынысы баршаға үлгі болса, жаңа ұрпақ қажырлы қай-ратпен жаңа өмірге қадам бас-пақ.

Рүстем ТӨЛЕНОВ,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.



ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ НАҒЫЗ ЕРЛІК ПЕН ҚАҺАРМАНДЫҚ ШЕЖІРЕСІ

(Жалғасы.
Басы 1-бетте.)

— Ең алдымен, сіздерді және сіздер арқылы барлық ардагерлерімізді Жеңістің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын. Халқымыз атынан баршанызға терең ризашылығымды білдіремін. Сіздердің қаһармандықтарыңыздың арқасында бүгінгі ұрпақ бейбіт өмір сүріп жатыр. Бұл бейбітшіліктің қадірін жастарымызға сіздер арқылы жеткізуіміз керек. Сіздердің өмір жолдарыңыз — бізге үлгі. Әрбір сөзіңіз — үлкен тәрбие мен білім. Алла денсаулығыңызды мықты етсін, көп жылдар бойы мақтанышымыз, батағөйлеріміз болып жүре беріңіздер, — деді Шавкат Мирзияев.

Ардагерлер елімізде тарихи жадының ардақталып жатқанына, қарияларға үлкен құрмет көрсетіліп жатқанына алғыстарын білдіріп, бата жасады. Өзбекстан Республикасы Президентінің 19 февральдағы қаулысына сәйкес, соғыс және еңбек ардагерлеріне лайықты құрмет көрсетілуде. Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері мен мүгедектеріне 10 мың АҚШ доллары көлемінде, осы санатқа теңестірілген тұлғаларға 25 миллион сум, еңбек майданы қатысушыларына 3 миллион сум мөлшерінде бір реттік қаржылай сыйлық берілуде. Көптеген құрметті ардагерлерге “Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығы” мерекелік медальдары табыста- луда.

Соғыс ардагерлері мен мүгедектеріне медициналық және әлеуметтік қызметтер, соның ішінде патронаж қызметі көрсетілу- де. Олар өз қалауы бойынша шипажайлар- да ем қабылдауда.

Соғыс және еңбек ардагерлері, сондай- ақ тәуелсіздік жылдарында қызметтік бо- рышын өтеу кезінде қаза тапқан әскери қызметкерлер мен құқық қорғау органда- ры қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің жағдайы туралы тиісті министрліктер, ме- кемерлер, ұйымдар мен әскери бөлімдер басшыларының қатысуымен хабар алы- нып, олардың тұрмыстық істеріне көмек көрсетілуде.

ӨЗА



Жақсы кітап — жан азығы

БІЛІМГЕ ИНВЕСТИЦИЯ — БОЛАШАҚҚА НЕГІЗ

Мемлекетіміз жас ұрпақтың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына барынша жағдай жасап, олардың жан-жақты дамуына ерекше мән беруде. Әсіресе, рухани құндылықтарды дәріптеу, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру қазіргі білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі.

Осы мақсатта респу-блика көлемінде түрлі мәдени-ағартушылық шаралар қолға алынып, мектеп кітапханаларын жаңа әдеби-еттермен толықтыру, оқыр-ман мәдениетін қалыптас-тыруға бағытталған игі бас-тамалар қарқын алуда.

Аққорған ауданындағы №49 мамандандырылған жалпы орта білім беретін мектепте “Жалпай кітап оқу айлығы” аясында “Пер-зентіме кітап сыйлаймын” атты акция өтті.

Шараға аудан әкімінің орынбасары Ж.Жаникулов, аудандық мектепке дейінгі және мектепте білім беру бөлімінің басшысы Ш.Ма-мадалиев, білім және ғылым қызметкерлері кәсі-подағы аудандық ұйымы-ның төрағасы Р.Султанов, сондай-ақ мектептің ұжымы мен аудандық мектеп-

тердің кітапханашылары қатысты.

Акцияның негізгі мақса-ты — кітапқа деген сүйіс-пеншілікті арттыру, жас ұрпақтың көркем әдебиет-ке, рухани құндылықтарға деген қызығушылығын ояту және мектеп кітапха-наларының қорын түрлі жанрдағы жаңа әдебиет-термен толықтыру.

Шара барысында аудан-ның жергілікті бюджеті есе-бінен бөлінген 200 милли-он сумаға сатып алынған 93 аттағы 5526 дана түрлі та-қырыптағы әдебиет мектеп кітапханаларына табыстал-ды. Кітаптар — оқушылар-дың таным көкжиегін ке-ңейтіп, білімге деген ынта-сын арттыруға мол септігін тигізетіні сөзсіз.

Мұндай бастамалар — жай ғана мәдени шара емес, керісінше, жас ұрпақ-

тың жүрегіне рухани дән себетін, оларға білімнің, ізгі-ліктің, ой-өрістің жолын көрсететін үлкен тәрбиелік мәні бар қадам. Кітап ар-қылы адам ойы кемелденіп, көкжиегі кеңейеді. Сондық-тан бүгінгі шара — келешек-ке жасалған салмақты ин-вестиция, мәңгілік мұратқа бағытталған нақты қадам.

Мемлекет тарапынан бі-лім мен тәрбие саласына жасалып жатқан нақты қол-даулардың, кітапхана қор-ларын байытуға бөлініп жатқан қаражаттың нәти-жесі — осындай өнегелі істермен айқын көрініс та-буда. Бұл — тек бүгінгі ұрпақ үшін емес, елдің ертенгі өркеніет көшінде абырой-мен алға басуы үшін де аса маңызды.

Кітап — ұлттың рухани ті-регі. Ал оны балаға сыйлау — ең үлкен сыйлық әрі өмір-лік жолдама. Бүгін мектеп сөресіне қойылған әрбір кітап — болашақта бір-бір тұлғаның жүрегіне жол та-бары анық. Мұндай ізгі бас-тамалар өз жалғасын тап-са, өскелен ұрпақтың руха-ни бай әрі білімді, парасат-ты болып қалыптасуына негіз болары сөзсіз.

Үсенбай БАТЫРБЕКОВ,
“Нұрлы жолдың”
тілшісі.

Реформалар нәтижесінде

ЖАҢА ҒИМАРАТТАҒЫ МҮМКІНДІКТЕР

Паркент ауданындағы “Истикбол” махалласында ұзақ жылдар бойы көтеріліп келген мәселе, яғни махалла кеңсесінің қолайлы да заманауи ғимаратының жоқтығы түбегейлі шешімін тапты. Осы уақытқа дейін тұрғындарға белгілі бір қолайсыздық тудырған бұл мәселе бірнеше рет ортаға салынған болатын. Мемлекет пен жекеменшік серіктестік негізінде кәсіпкер Ибрахим Собитов құрып берген екі қабатты ғимарат махалла жұмысын сапалы етуге қызмет етуде.



Ғимараттың бірінші қабатын-да шет тілдерін оқыту бойынша тіл орталығын ашу жоспарлан-ғаны оқушылар мен жастарға ғана емес, бүкіл махалла тұрғын-дарына жаңа мүмкіндіктер берді. Осылайша махалла кеңсесі мен білім беру мекемесінің бір зама-науи ғимаратта орналасуы ар-қылы әрбір адамның білімін, бі-лігін арттыруға жағдай туында-ды. Бүгінде шет тілдерін білу аса маңызды екенін ескерсек, бұл орталық махалла жастарының шет тілдерінде еркін сөйлеп, жо-ғары нәтижелерге қол жеткізуі-

не қызмет етеді.

Жалпы 1 миллиард 500 мил-лион сум жұмсалған бұл ке-шеннің ашылуына махалла бел-сенділері, депутаттар, жауапты органдардың басшылары, арда-герлер мен көпшілік қауым қатысты. Шарада сөз сөйлеген-дер аталмыш ғимарат махалла жүйесінде жүргізіліп жатқан ре-формалардың бір көрінісі екенін атап өтіп, халықтың мәселелерін шешуде махалла кеңсесінің атқ-арар рөлі зор екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар қойылған міндеттерді орындау үшін жаңа



мүмкіндіктерді жүзеге асыру, за-манауи технологияларды кеңі-нен пайдалану көзделгені айтыл-ды. Бұл ғимарат толықтай ком-пьютерлермен және қажетті жи-һаздармен жабдықталған, әрі 4 мың 270 тұрғынға теңдей қызмет көрсетеді. Аудан, қала, жалпы еліміз көлемінде кеңінен тарал-ып келе жатқан “махаллабай” жұмыс істеу жүйесі мен цифрлан-дыру үдерістері осындай инфра-құрылымдармен нығайтылып, тұрғындардың мәселелеріне жедел назар аудару мүмкіндігі арта түсуде.

Ашылу рәсіміне орай Паркент спорт мектебінің тәрбиеленуші-лері мен махалла жастары ара-сында бірнеше спорт жарыста-ры ұйымдастырылғаны барша үшін қызықты болды. Жүгіру, үстел теннисі, тас көтеру сияқ-ты жарыстар арқылы жастар арасында салауатты өмір салты насихатталып, спортқа деген қызығушылық артты. Бұл еліміз-де жастарды жан-жақты қолдау, физиологиялық және рухани тұрғыдан тәрбиелеу ісінің үздік-сіз жалғасып келе жатқанын көрсетеді. Екі қабатты ғимарат-та махалла белсенділері үшін жан-жақты жағдайдың жасалуы, барлық қажетті жиһаздармен

қамтамасыз етілуі тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік берумен қатар, махал-ла ұжымының жауапкершілігін де арттырады. Нәтижесінде көпте-ген мәселені дер кезінде сол жерде шешуге болады. Ал шет тілдері орталығы махалла жас-тарының заманауи білім алуына жол ашты.

Мемлекет пен жекеменшік серіктестік аясында жүзеге асы-рылған осы жоба кезең-кезеңі-мен өзге де махаллаларда жал-ғасса, махалла жүйесі одан әрі нығайып, халық жаңа мүмкіндік-терге ие болатыны сөзсіз. Ал тек ақпараттық технологиялар ғана емес, шет тілдер, кәсіп пен көл-өнерді үйрену сабақтарын да ті-келей махалланың өзінде ұйым-дастыру — халықтың тұрмыс ден-гейін көтеріп, жастарды жұмыс-пен қамтуға айтарлықтай үлес қосады.

Қорыта айтқанда, жанарған “Истикбол” махалла ғимараты — махалла қызметінің тиімділігін арттыру, халықтың мәселелерін жүйелі шешу және жастарға за-манауи білім беру жағдайын жасау жолындағы маңызды қадам болды. Бұл жоба махалла өмірін жан-жақты жақсартуға қызмет ететіні сөзсіз.

Әлеуметтік қорғау

ОТБАСЫ – ӨРКЕНДЕУДІҢ КЕПІЛІ

Әрбір отбасы қоғамның ең кіші, бірақ ең маңызды буыны. Онда тату-тәтті орта қалыптастыру отбасы бақыты үшін ғана емес, елдің тұрақты дамуы үшін де қажет. Осы тұрғыдан алғанда, “Әйелдерді қысым мен зорлық-зомбылықтан қорғау” тақырыбы бүгінгі таңда өзекті мәселе. Білім беру мекемелерінде өткізілетін рухани-ағартушылық шаралар оның іс жүзіндегі шешіміне қосымша түрткі болуда.

Ташкент архитектура-құрылыс университетінде ұйымдастырыл-ған кездесуге Юнусбад ауданы әкімінің орынбасары Лалихон Алиева, аудандық ІІБ жауапты қызметкерлері, профессор-оқытушылар, студенттер және саланың тиісті мамандары қатысты. Шара аясында “Зура-вонликсиз оила — фаровон хаёт сари” тақырыбында баяндама-лар тыңдалып, пікірталастармен толықтырылды.

Баяндамашылар зорлық-зом-былықтың физиологиялық, пси-хикалық, экономикалық және жыныстық көріністерін нақты мы-салдармен түсіндірді. Әр түрдің ерекшеліктерін түсіндіріп, оны

ерте анықтаудың маңыздылы-ғын атап өтті. Атап айтқанда, мұндай зорлық-зомбылық жеке тұлғаның психикалық жарақаты-на, отбасылық қарым-қатынасы-тын бұзылуына, балалардың пси-хологиясына әсер етіп, қоғам да-дағы сенім мен ынтымаққа нұқсан келтіретінін айтылды. Студенттер “Қорғау ордерін” ресім-деу тәртібін үлкен қызығушылық пен тыңдады.

Сондай-ақ шарада сөз сөйле-гендер “Әйелдерге қатысты кез келген зорлық-зомбылық — қоғам үшін өте қауіпті екенін, оның алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі — жастармен көбірек ашық сұхбаттар өткізу



екенін, осы мағынада бұл шара жан-жақты маңызды екенін атап өтті. Шара соңында студенттер анонимді сұрақ-жауап форма-тында өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

Қорыта айтқанда, зорлық-зом-былыққа қарсы күрес — тек жәбірленушіге ғана емес, бүкіл қоғамға қатысты міндет. Универ-ситет көлемінде өткізілген бұл шара студенттерді сақтыққа ша-

қырып, біліммен қатар адамгер-шілік пен жауапкершілік рухын нығайтатыны сөзсіз. Осылайша, “Зуравонликсиз оила — фаровон хаёт сари” ұраны өмірімізде іс жүзіндегі қағидаға айналып, әрбір отбасында тыныштық пен тұрақтылықтың орнауына қызмет етеді деп сенеміз.

Өлия ӘБДІРАХМАНОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Көрме

ДОСТЫҚ АРҚАУЫ НЫҒАЮДА

Жуырда Ташкент Фотосуреттер үйінде Вьетнамның Жеңіс күніне және қайта бірігуіне 50 жыл толуына орай, “Өзбекстан және Вьетнам достық қатынастары мәңгі” деп аталған мұрағат фотосуреттер көрмесі өтті.

Айта кетерлік жайт, 1975 жылы 30 апрель күні Вьет-нам Халық армиясы мемле-кеттің ең ірі қаласы Сайгон-ды азат еткен. Бұл оқиға Вьетнамның бірегей мем-

ғында ұйымдастырылды.

Көрмеде вьетнамдық студенттердің Өзбекстанда білім алуы, делегациялар және ресми тұлғалардың еліміздегі сапары, сондай-

жайт, бұл фотосуреттер кен жұртшылықтың назары-на алғаш тиек ұсынылуда.

Сонымен қатар 1963 жылы Ханой қаласындағы Президент сарайында Хо Ши Миннің заңгерлер делегациясын қабылдаған бейнесі назарға тұрарлық-тай болды. Осы делегаци-яның құрамында Өзбек-станның танымал құқықта-нушысы Рустам Мухамме-дов та қатысқан болатын.

Көрмеде жұртшылық өкілдері, ғалымдар, жоға-ры оқу орындарының сту-денттерімен қатар Вьетнам диаспорасының өкілдері қатысты. Онда сөз сөйле-гендер аталмыш көрменің дәстүрлі достық қарым-қатынастарын нығайту және білім беру, мәдениет, туризм, экономика салала-рындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытудағы маңы-зын тілге тиек етті.

Өзбекстан және Вьет-нам — ұзақ тарихи қатынас-тарға ие халықтар болып табылады. Өзбекстан білім беру мекемелерінде 3500-ден астам вьетнамдық сту-дент білім алған және олар елімізге шынайы дос ретін-де достық қарым-қатынас-тарын нығайтуда маңызды орын иелейді.

Г.ОРЫНБАСАРҚЫЗЫ



лекет ретінде бірігуін аңғартқан, содан бері бұл күн Вьетнамда ең маңызды мемлекеттік мейрам ретін-де аталып келеді.

Көрме “Өзбекстан және Вьетнам достық қоғамы-ның” бастамасымен Ұлтаралық қатынастар және шет-елдегі отандастар мәселе-лері бойынша комитеттің көмегімен, сондай-ақ “Узар-хив” агенттігі, Көркемөнер академиясы және фотосу-реттер үйінің ынтымақтасты-

ақ танымал тұлғалардың Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің Ха-лықаралық кинофестивали-не қатысуына тиісті тарихи фотосуреттер ұсынылды.

Әсіресе 1959 жылы Өзбекстанға Вьетнамның бірінші Президенті, вьет-нам халқының аты аңызға айналған перзенті — Хо Ши Миннің іссапармен келуіне арналған фотосуреттер көпшіліктің қызығушылы-ғын оятты. Айта кетерлік

Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды

ЕРЛІГІ ЕЛ ЕСІНДЕ

9 май — Жеңіс күні, Еске алу және қастерлеу күнін бүкіл Өзбекстан халқы қолдап-қуаттап, бұл күн елімізде жалпыхалықтық мейрам ретінде кең көлемде атап өтіледі.

Содан бері Екінші дүниежүзілік соғыста фашизмге қарсы күресіп қаза тапқандардың, Отанымыздың азаттығы мен дербестігі жолында жанын қиған өзбекстандық барлық азаматтардың есімдерін мәңгілік ету барысында еліміздің аумақтарында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр.

— *Ескі көздер бара жатыр азайып, (Олар жайлы ойламаудың өзі айып).*

Ей, тірілер, Соларды бір еске алып, Теіріненің, толғанайық, жасайық! — деп акын жырлағандай, бүгінгідей еркін де егемен, бейбіт те бостан елде тұрып жатқан барлықтарымыздың бірдей борышымыз әрі адамдық парызымыз — өмірден өткендердің рухын шат етіп, есімдерін ескеріп, қастерлеу.

Осы күнге дейін адамзат тарихында болып өткен алуан түрлі соғыстар мен қанды шайқастардың ішінде өзінің қамтыған аумақтық көлемі және қатысқан елдердің, олардың әскерлерінің саны мен апаты, орасан зор зардабы, бүліншілігі жағынан ең көлемдісі де, ең аяусызы да — Екінші дүниежүзілік соғыс болғаны белгілі.

Соғыс өрті жер бетінің көп бөлігін қамтып, Еуропаны да, Азия мен Африка құрлығын да өршіп өтті. Өйтсе де, соғыстың ең сұрапылы да, қанды қырғын майданының ширатыла созылып (1418 күн мен түн), шарықтау шегіне шыққан тұсы да — Ұлы Отан соғысы болды.

Бір Одаққа біріккен сол кездегі елдер үшін (Өзбекстан үшін де) бұл соғыс — өз Ота-

нын, жері мен елін фашизмнен қорғау жолындағы әділетті күрес ретінде тарихта қалды.

Соғыстың жеңіспен аяқталуына барлық одақтас республикаларымызда тұрып жатқан тұрғындардың жалпы саны 6 миллион 551 мың адам болып, оның 1 миллион 951 мыңға жуығы соғысқа сүбелі үлесін қосты.

Жаңадан табылған деректер бойынша, соғыс басталар жылы республикамызда тұрып жатқан тұрғындардың жалпы саны 6 миллион 551 мың адам болып, оның 1 миллион 951 мыңға жуығы соғысқа жұмылдырылған. Олардың 538 мыңнан астамы қанды қырғыннан қайтпай, қыршыннан қиылған. Ал 158 мыңнан астамы хабар-ошарсыз кетіп, елге оралмаған.

Төрт жылдан аса уақытқа созылған қиян-кескі соғыста ерліктің ерен үлгісін көрсете білген өзбекстандық 200 мыңнан астам қатардағы әскерлер мен офицерлер түрлі дәрежедегі жауынгерлік мемлекеттік сыйлықтармен марапатталған.

Сол мындап марапатталған жерлес жауынгерлеріміздің арасында ата жаумен арыстандай арпалысып, өмір мен өлім белдескен қанды майдан даласына бір қолын қалдырып, елге қайту бақыты бұйырған батыр ағамыз — Ташкент облысының Піскент ауданындағы Ақтөбе елді мекенінің тұрғыны Оңғар Орманұлы еді.

Соғыс басталған кезде Оңғар ата орта мектепті ойдағыдай бітіріп, он мен солын танып, құрбы-құрдастарының арасында ауылдағы ізгі істерді ұйымдастыра білетін ұйымшылдығымен көзге түсе



бастады.

Соғыс өрті өртеніп, елде жалпыға бірдей мобилизация басталғанда жасы енді ғана 18-ге толған ағамыз Ташкент төңірегінен жиналған қазақ жасактарының қатарында майданға асыға аттанып кете барды.

Қысқа мерзімдік әскери дайындықтан соң, оларды сол кездегі ортақ отанымыздың астанасы болған Мәскеу қаласын жаудан қорғау үшін Волокаламск тас жолындағы Алматыда жасақталған генерал И.Панфилов басқаратын атақты 316-атқыштар дивизиясына жібереді.

Жан беріп, жан алысқан қанды қырғын сынақтардан сүрінбей сенімге кірген ағамыздың мергендік іске бейімділігін байқаған полк командирі оны снайперлік курсқа өткізеді.

Соғысқа дейінгі жылдарда әкесі Орманның базардан сапып әкелген шиті мылтықпен ақ ауылдағы малға шапқан аңқұсты мүлт жібермей, құралайды көзінен атқан мергендігін снайперлік оқуды ұсталықпен ұштастыра білген кейіпкеріміз қысқа мерзімде ондаған жаудың жайратып салады.

Ұрыс майданындағы фашистердің Бас штабы тарапынан ерекше әскери құпия тапсырмаларды орындауға жасырын жіберген жаудың аса маңызды шенді-шекпенді офицерлерін бір өзі бір орынды

бірнеше күн-түн тапжылмай аңдып отырып, амалын тауып, жалғыз түйір оғымен жер құштырған кездері көп болды.

Майдан баспасөз беттерінде Оңғар атаның суреті басылған мақалалар жарияланып, тылдағы тынбай еңбектеніп жүрген туыстарына жағымды жаңалықтар жетіп жатты.

1942 жылдың көктеміне келіп, жаудың беті біршама қайтып, енді қарсы шабуылға біздің әскерлер де жиі-жиі шыға бастайды. Жауынгерлеріміздің жойқын да шапшаң шабуылына шыдай алмаған жау тасада тұрып-ақ ататын (ДОТ, ДЗОТ) бекіністерін бекіте бастайды. Тікелей шабуылға шыққан әскерлердің көбі осындай ату нүктелерінен оққа ұшады.

Осындай қысылтаяң шақта санлақ снайпер ағамыз мергендігін паш етіп, берік бекіністе жайғасып алып, оқты борандай бората атқан жаудың көзін жояды.

1943 жылдың июль айының 17-де, Курск ішіндегі кескілескен шешуші шайқастардың бірінде, тура жанынан жарылған снарядтың жарықшағы Оңғар атаның сол қолын жұлып әкетеді.

Әскери емханада бірнеше ай емделген соң, соғысқа жарамсыз деп табылады.

Сентябрь айының соңында омырауын орден мен медальдарға толтырып, туған жерге табаны тиеді.

Елге келген соң да көп өтпей ауылдағы жетіжылдық мектепке мұғалім болып орналасады. Жұмыстан қол үзбей жүріп, алғаш Ташкенттегі педагогикалық училищені, ал 1956 жылы Шымкенттегі мұғалімдер даярлайтын институтын қазақ тілі мен әдебиеті факультетін өте жақсы бағалармен бітіреді.

Сұрапыл соғыс майданының үнемі алдыңғы шебінде шайқасып үйленген ағамыз бейбіт өмірдегі еселенген еңбектің де ылғы алғы лебі-

де жүріп, жауапкершілігі мол жұмыстарды жемісті атқара білді.

Алғаш ауыл мұғалімінен еңбек жолын бастаған ағай кейіннен оқу істері менгерушісі, ұзақ жылдар директор болып, ауылдағы жүздеген жастардың білімді де тәрбиелі, өнегелі болып қалыптасуларына өз үлесін қосты.

Мектептегі тәлім-тәрбие үдерісін ұтымды ұйымдастыра білгені және жоғары нәтижегерге жеткізе алғаны үшін Піскент ауданында бірінші болып 1962 жылы “Өзбекстан Республикасы халыққа білім беру саласының үздігі” деген төсбелгімен марапатталады. Отыз жылдан аса педагогтық қызметке адалдық танытып, ардан аттамады. Сонысымен де ауыл тұрғындары арасында құрмет пен сыйға сай азамат атанды.

Қырғын соғыста қан кеше жүріп арттырып алған аурулар мен жанын жараалаған жарақаттардың салдары болар, сұм ажал ағайды арамыздан 1976 жылдың күзінде 54 жасында мәңгілікке ала кетті.

“Адам ұрпағымен мәңгі жасайды” демекші, Оңғар ағай мен Фатима анадан тараған 4 ұл мен 2 қыздан туған ұрпақ бүгінде өсіп-өніп, өмірден өз орындарын тауып, атаның шырағын сөндірмей келеді.

Қазіргі кезде Оңғар ағай тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылып, көшеге аты берілген. Ата атындағы орталық мешіт те елге қызмет етуде. Ал өзі көп жылдар мұғалім болып басшылық жасаған орта мектепте ағамыздың атындағы сынып-кабинет оқушыларға патриоттық тәрбие берудің ошағына айналған.

Қорыта айтқанда, мына өзгермелі өмірде өлмейтін де, өшпейтін де ғаламның хаты мен жақсының аты десек, батыр атаның да жақсы аты мен ізгі ісі, ерлігінің ерекше үлгісі ел есінен ешқашан кетпек емес, туған елімен бірге мәңгі жасай бермек.

ӨБДІСАЫР ЖИДЕБАЙ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі, Құйышыршық ауданы.



ДЕНСАУЛЫҚ АЙЛЫҒЫ АЯСЫНДА

сауықтыру шаралары өткізілді

Денсаулық сақтау министрлігі ұйымдастырып келе жатқан “Сауықтыру айлығы” аясында кезекті іс-шара Науаи облысы Тамды ауданында ұйымдастырылды. Медициналық тексеру және сауықтыру шарасы барысында Науаи облыстық денсаулық сақтау басқармасы жүйесіндегі облыстық емдеу-профилактикалық мекемелерінің кардиолог, нефролог, онко-

лог, эндокринолог, инфекционист, уролог, гинеколог, травматолог, окулист сияқты 20-ға жуық мамандары тұрғындардың денсаулығына байланысты мәселелерге шешім іздеді.

300-ге жуық тұрғын қатысқан медициналық тексеруде 142 азаматта түрлі аурулар анықталды, оның ішінде 53-і амбулаториялық, 67-сі стационарлық емдеу шаралары

қолданылса, 4 адамға облыс және республика көлемінде хирургиялық оталар мен емделуге жолдамалар берілді.

Бір қуантарлығы, тамдықтар осы көшпелі емханалардың мүмкіндігін пайдалана отырып, денсаулыққа қатысты сұранысқа мәселелерге оң шешім тапты.

Г.НАРЫНБЕТОВА, Тамды ауданы.

Байқау

“ІСКЕР ӘЙЕЛ — 2025”

Қарақалпақстан Республикасы Кеңесінің ауданында ӨзЛидеП тарапынан жыл сайын өткізілетін “Іскер әйел-2025” байқауының махалла аралау өтті.

Іріктеудің негізгі мақсаты — өңірлерде жергілікті өндірісті жолға қойған, табысы аз отбасыларға материалдық, рухани қамқорлық көрсеткен, “Әйелдер”, “Жастар” дәптерлерінде тізімде тұрғандарды жұмыспен қамтамасыз етуде үлгі болып келе жатқан ынталы және еңбексүйгіш әйелдерге ерекше көңіл бөліп отырған іскер әйелдерді анықтау.

Байқауға аудандағы “Гүлжам терек”, “Халқабад”, “Бахытлы” және “Құяшлы” МАЖ-дағы кәсіпкерлер мен колөнерші әйелдер өз өнімдерімен қатысты.

Төрешілер алқасының мүшелері жеңімпаз атануға үміткерлердің жұмыстарымен жақыннан танысып, осы күнге дейін жеткен жетістіктерін, мүмкіндіктерін, болашақтағы жоспарлары мен кемшіліктерін де үйренді.

Байқау қорытындысы бойынша “Құяшлы” МАЖ аумағындағы жеке кәсіпкер Г.Пердәбаева махалла кезеңінде жеңімпаз атанды.

Тілеухан ШӘМЕКОВА, “Нұрлы жолдың” меншікті тілшісі.

Қоғам — өмір айнасы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ БАҚ-ТЫҢ ОРНЫ

Қоғамдағы көкейтесті мәселе болып, өзекжарды проблемаға айналған сыбайлас жемқорлық — ел ішіне білінбей кірген індет, жау. Ал біздің осы жауға қарсы қолданар қаруымыз — қоғам. “Қоғам — өмір айнасы” дейміз. Айналамыз таза болса, өзіміздің әсемдігіміз еріксіз байқалады. Сондықтан да қоғам қарсы болса, жай емес, түгел қарсы болғанда ғана бұл індетті жоймақпыз. Бұл індетті жою бәріміздің міндетіміз. Жемқорлық қоғамға ғана зиянын тигізіп қоймайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте құқық қорғау органдарымен қатар беймемлекеттік бейкоммерциялық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының да орны ерекше.

Әсіресе бұқаралық ақпарат құралдары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте маңызды рөл атқарады. Өйткені ол мемлекеттік және жеке сектордан жауапкершілік пен ашықтықты талап етеді. Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік сектордан сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат талап етеді. Журналистік тергеу жүргізеді. Жемқорлықты қоғамдық бақылауға алады және оны жазасыз қалдыруға қарсы күресте шешуші рөл атқарады. Жұртшылыққа барынша шынайы жеткізеді.

Елімізде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі қоғам өмірінде және қоғамдық-саяси үдерістерде қарқынды түрде нығайтып келеді. Бұл олардың мақсаты мен міндеттерін құқықтық тұрғыдан бекіту қажеттілігін тудырады.

“Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” заңның қабылдануы мемлекеттік аппарат пен азаматтық қоғам институттарының осы қауіпті дертпен күрестегі күші мен мүмкіндіктерін біріктіруге маңызды фактор болды. Сондай-ақ мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуде және бекітуде халықтың пікірін тыңдау, тиісті ұсыныстар алу, бағдарламаларды ашық талқылау арқылы оларды байытуды бұқаралық ақпарат құралдары ерекше рөл атқарады.

Бұқаралық ақпарат құралдары да жоғарыда аталған мәдениеттің маңызды тірегі. Ол сыбайлас жемқорлық және бұл мәселені шешу жолдары туралы құқықтық ақпарат беріп, қоғамның денгейін көтереді, сондай-ақ, азаматтарға мемлекеттік басқаруда өз пікірлерін білдіруге және құқығын талап етуге көмектеседі.

2023 жылы астанамызда өткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жоғары халықаралық сыйлықты тапсыру рәсімінде құрметті Президентіміз Шавкат Мирзияев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша журналистердің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану және олардың ықпалы одан әрі арттыру мақсатында Өзбекстанда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы медиа форумын өткізуді ұсынғанын білесіздер.

Жергілікті журналистер мен блогерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша білімі мен дағдысын арттыру мақсатында Медиа-мектептер ұйымдастырылуда. Осы медиа мектептерде журналистер және блогерлердің журналистік зерттеу жүргізу бойынша әлеуетін арттыруға бағытталған көптеген тренингтер өткізілді. Осы уақытқа дейін Медиа мектептерге 150-ден астам жергілікті журналистер мен блогерлер қатысты.

Журналистер мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қызметін қолдап-қуаттау және лайықты ынталандыру мақсатында “9 декабрь — Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне” орай өткізілетін шараларда “Ең үздік мақала (блог, пост) авторы,” “Ең үздік журналистік зерттеу үшін,” “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ең белсенді үгіт-насихат жүргізген БАҚ,” “Ең үздік әлеу-

меттік ролик,” “Әлеуметтік желілердегі белсенділік үшін” аталымдары бойынша байқаулар ұйымдастырып келеміз. Өткен жылы “Журналистік қызметте ашық деректермен жұмыс істеу және тиімді қоғамдық бақылауды жүзеге асыру механизмдері,” “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және оның алдын алуда инновацияларды әзірлеу мен енгізу үдерісіне азаматтық қоғам институттарын тарту” тақырыбында грант байқаулары жарияланды.

Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуде осы бағдарламаның күшіне енуі мен жұмыс істеуі басқа да сыбайлас жемқорлық жағдайларына жол аша ма, жоқ па немесе оны жетілдіру үшін маңызды ұсыныстарды алуда бұқаралық ақпарат құралдары байланыстырушы көпір қызметін атқарады. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік бағдарламалар талқыланады, өзгертіледі, қабылданады және күшіне енеді.

“Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” заңның 15-бабының екінші бөлігінде бұқаралық ақпарат құралдарының халықтың құқықтық сана-сы мен құқықтық мәдениетін арттыруға, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз көзқарасты қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жариялауы атап өтілген.

Құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті арттыру, құқықтық иммунитет пен құқықтық сауаттылық денгейін арттыру уақыт талабы.

Бұқаралық ақпарат құралдарының тағы бір құзыреті — сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманың орындалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдардың орындалуына қоғамдық бақылау мемлекеттік органдардың қызметінде есептілік пен ашықтықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Қоғамдық бақылау механизмі түрлі мүдделі тараптарды, соның ішінде азаматтық қоғам ұйымдарын, бұқаралық ақпарат құралдарын, белсенділер мен мүдделі азаматтарды қамтиды. Олар мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылын қадағалайды және тексереді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері олардың тиімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Заңнамадағы тұрақты өзгерістер мен институционалдық бақылау нысандарын жетілдіру сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте маңызды негіз болып қызмет етсе де, ол ел мәдениетінің бір бөлігіне айналмаса, адамдардың күнделікті өміріне әсер етпесе, қандай да бір түрде қоғамды өзгертуде әкелмейді. Өйткені сыбайлас жемқорлық тек құқықтық мәселе емес, сыбайлас жемқорлық — қоғам мен мәдениеттің де мәселесі. Азаматтардың сыбайлас жемқорлықтың салдарынан қорқы немесе сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік, экономикалық және саяси проблема екенін түсінуі оған қарсы күресте маңызды фактор болып табылады.

Гүлзат ҚҰРБАНОВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.



Жады мәңгілік

ӨТКЕНІН ҰЛЫҚТАҒАН ЕЛ ОЗАР

Адамзаттың бүгінгі өркениеті, бүгінгі жеткен жетістігі өздігінен бола қоймайды. Оның артында тарих, өткен күн, ата-бабалардың еткен ерлігі мен еңбегі жатқаны белгілі. Ал өткен күнді, тарихты ұмытпау, ата-бабалардың, ұлы тұлғалардың есімін ұлықтау, қашанда құрметпен қарау бүгінгі қоғамда өмір сүріп жатқан үлкенді-кішінің борышы. Мұның дәлелі ретінде қазірде 9 май – Еске алу және қастерлеу күніне орай, еліміздің түрлі аумақтарында өтіп жатқан шараларды келтіруге болады. Соның бірі атаулы күн қарсаңында Жаңажол қаласында ауқымды түрде өтті.

Жаңажол қалалық әкімдігінің басшылығында “Еске алу қасиетті, еске алу ғазиз” атты шара мемлекет және саясат қайраткері Усмон Юсуповтың 125 жылдығына орай, аталмыш тұлғаның құрметіне ашылған мұражайда өтті.

Еске алу шарасы Жаңажол қалалық депутаттар, қалалық “Ватанпарвар” және Төтенше жағдайлар, қалалық ішкі істер, қалалық мәдениет, қалалық құрылыс бөлімдерінің, қалалық, тағы басқа да жауапты ұйымдардың ынтымақтастығында ұйымдастырылды. Шараға республика және облыс көлемінде әкімдіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары, Усмон Юсуповтың туған-туыстары, ардагерлер мен қарт буын өкілдері, Мәдени мұра агенттігінің, тағы басқа да жергілікті ұйым өкілдері қонақ ретінде шақырылды.

Айта кетерлік жайт, еліміз ежелден-ақ түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерін бауырына сыйдырған құтты мекен. Шараға жергілікті корей,

орыс, ұйғыр ұлттық мәдениет орталықтарының өкілдері де қатысты.

Шара Усмон Юсуповтың ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен басталды. Дәстүрге орай, Өзбекстан Республикасының әнұраны орындалып, ата-баба дәстүрімен өткендердің рухына құран бағышталды.

Оны Өзбекстан ардагерлерінің қызметін қолдау қуаттау “Нуроний” қорының Республикалық басқару төрағасының бірінші орынбасары Шароф Убайдуллаев кіріспе сөзімен ашып берді. Өз сөзінде Усмон Юсуповтың өміріне

болсын жүзден астам қонақ пен қатысушылар отырған бүгінгі шараға әкелгендей болды.

Сонымен қатар шарада Жаңажол қаласының әкімі Равшан Райимов, Ташкент облыстық “Нуроний” қорының төрағасы Абдусамат Носиров, генерал-полковник Қобилжон Бердиевтар сөз сөйледі.

Сондай-ақ онда Усмон Юсуповтың немересі, доцент Комила Содикова ата-қару төрағасының бірінші орынбасары Шароф Убайдуллаев кіріспе сөзімен ашып берді. Өз сөзінде Усмон Юсуповтың өміріне



қысқаша тоқталып, өткен еңбегі мен ерлігі жайлы өз естеліктерімен бөлісті. Бір сөзбен айтқанда, өткен тарихи бір кезеңді бір сәтке

Әкімдік тарапынан бүгінгі ауқымды шараны ұйымдастыруға белсенділік танытқан бір топ азаматтарға алғыс хаттары тапсырылды.



Жалпы бүгінгі шараны ұйымдастыруда қалалық әкімнің орынбасары Фарход Камбаров, насихаттаушылар Орифжон Нарбутаев, Олимжон Исаковтардың қызметін ерекше атап өткен жөн.

Келген қонақтар мұражайды аралап, саясат қайраткерінің өмірімен, оның атқарған еңбек жолымен танысты. Айта кетерлік жайт, бүгінде мұражайға Саяра Мамадалиева басшылық етуде. Бүгінгі еске алу шарасының жоғары деңгейде өтуінде директордың, сондай-ақ мұражай қызметкерлерінің қызметі орасан зор.

Сонымен қатар кеште қалалық мәдениет бөлімінің бір топ өнерпаздары өздерінің өнерімен, шырқаған әндерімен қатысушы

лардың көңіліне өткендерді ұлықтаудай ұлттық құндылықтар, қадір-қасиеттер, адамдар арасындағы сыйластық пен татулық, бастысы, бүгінгі тыныш та бейбіт заманның, өркениетті қо-

ғамның, тарихын ардақтайтын елдің қадіріне жету сынды сөзімдерін ұялатуы ғажап емес. Шараның көркемдік жағы ақын Зулфия Муминованың оқыған өлеңімен де байи түсті.

Жалпы айтқанда, өткенін ұмытпау, ұлыларын ұлықтау халқымызға тән ұлттық құндылықтардың бірі. Бұл шара сол ұлттық құндылықтардан ауытқымаған түрде өтті. Екінші жағынан өсіп келе жатқан жас ұрпаққа үлгі-өнеге мектебі болмақ. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі шараны жалпыадамилық құндылықтардың жоғары деңгейдегі бір көрінісі десек, артық айтқандық емес.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.



Жақсыларды еске алып

СӘУІРХАН АҚЫН, ҚОШ ЕНДІ

*Жыр еді қырда төгілген,
Сол алтын құмда көмілген.
Қайран, өр ақын Сәуірхан
Өтті ме мынау өмірден!*

*Жүрегі тұлып жарқылға,
Шайытқа мінген нар түлға.
Келмеске кетті-ау есіл ер,
Өлмес сөз қалды артында.*

*Сезім-сырлары әсерлі,
Жаугызған жырдан нәсерді.
Сәурер жырдың ұйытқысы,
Сәуірхан ақын, қош енді!*

*Есімі елге аян шың,
Боз жырмен белдер боянып.
Рухты ұлың көз жұмды,
Рухы жырдың оянып!*

*Өлеңнің қалқып көзінде,
Енетін келіп өр үнге.
Ақынның жаны шалқысып,
Жұмақтың іңкер төрінде.*

Наурызбай ЖАРБОСЫНҰЛЫ,
Кенимек ауданы.

БАҚҰЛ БОЛ, АҚЫН АҒА...

*Нар тұлғам-ай,
Сәуірдің желі соқты салқын қалай?
Келмеске кеткенің бе, асыл аға,
Өксікті қайтіп басам алқымдағы-ай?*

*Эз ағам-ай,
Мезгілсіз жетті аяусыз қаза қалай?
Кеше еана жарқырап жүрген жанды,
Арадан алып кетті-ау ажал оңай.*

*Дүр жалыңды,
Жан едің, айналаңа тым қадірлі.
Мәңгіге айырылдық, қайран, Сәкем,
Енді кімге оқимын жырларыңды?*

*Сырлас ағам,
Өміршең өлеңімен мың жасаған.
Жылқының дүбірдей жырғың қалды-ау,
Тағдырда тұрақ тауып тұрмас адам.*

*Ірі едіңіз,
Шынымен тоқтады ма, жүрегіңіз?
Айының ауылының көтерем деп,
Иеі істің басында жүр едіңіз.*

*Қара суық,
Қайғының беті жасап, аласұрып.
Ұлыңды сағынды ма, Әке-жүрек,
Қыр жаққа кете бардың неге асығып?*

*Ғұмыр-қысқа,
Еліңе маржан болар жырдың нұсқа.
Бақұл бол, арқа сүйер ақын ағам,
Іздейді елің, қағып шырыл құс та.*

Қайрат АХМЕТОВ,
Ұшқұдық ауданы.



КЛАСТЕР КӘСІПОРНЫ ӨЛЕУМЕТТІК САУЫҚТЫРЫЛДЫ

“Қаракөл күміс келебе” кластерінің тоқымашылық фабрикасы бұдан жеті жыл бұрын іске түсірілген еді. Ол мата өндіруге мамандандырылған.

Фабрика басшысы Асрор Мансуровтың айтуынша, кәсіпорында 400 кісінің жұмысбастылығы қамтылып, алғашқы жылда ішкі базарға шығарған өнімдерден тыс 3 миллион АҚШ долларлық мата экспортталған. Тіпті пандемия кезінде де өндіріс төмендеместен, 2020 жылы 4,5 миллион долларлық жартылай дайын мата шетелдік тапсырысшыларға жеткізіп берілген.

Өкінішке орай, шикізатпен қамтамасыз етудегі үзілістер, өнімділіктің төмендегені және банк алдындағы міндеттемелер есебіне аталмыш кәсіпорын дағдарысқа ұшырады.

Ал 2022 жылдың екінші жартысынан басталған жобаның екінші басқышы жарты жолда қалуда.

Бұхара облысының әкімі кәсіпорындағы проблемалармен танысып, жауаптыларға субъектінің өндіріс қуатын қайта тіктеу, экономикалық сауықтыру бойынша нақты тапсырмалар берді.

(Өз тілшімізден.)

ҮШ ҰРПАҚ КЕЗДЕСУІ

Елімізде әр жылы 9 май – Еске алу және қастерлеу күні кең түрде атап өтіледі. Бұл атаулы күн, арнайы мереке Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталған күні. Елін, туған жерін жаудан қорғауда қан төгіп, жауынгерлердің, ата-бабаларымыздың жеңіске жеткен күні.



Сондай-ақ бұл күн жастардың бүгінгі бейбіт те тыныш заманның қадірін білуге, оқуда озат, еңбекте аялбай, белсенді болуға тәрбиелейді. Қашанда ата-баба рухына тағзым етіп, аға буын өкілдерінің салған тура жолымен жүруге жетелейді.

Жуырда Алмалық қаласындағы Кеңселік әскерилендірілген қорғау қызметінің басшылығы 9 май – Еске алу және қастерлеу күніне орай, үш ұрпақ кездесуін ұйымдастырды.

Шараға мемлекетіміз Қарулы Күштері ардагерлер Кеңесінің Алмалық қалалық бөлімінің төрағасы, Алмалық қалалық “Нуронийлер қоры” бөлімінің төрағасы, отставкадағы полковник В.Мельничук, отставкадағы полковник Ш.Нишонов, А.Абдуғаниев, Б.Қосимов, О.Тожимурадовтар шақырылды.

Кездесу шарасында ардагер әскери мамандар жастарға өздерінің бай

өмірлік тәжірибелеріне сүйеніп, өмірлік ұстанымдары мен қағидаттарына орай ұсыныстары мен кеңестерін берді.

Шарада сөз сөйлегендер негізінен еліміздегі тыныштық пен тұрақтылықты, тыныш саясатты қадірлеуді тілге тиек етті. Жастарды өз Отанын сүйе, жаңысына қамқор болып, өзі таңдаған мамандығында адал қызмет етуге шақырды. Еліміздің егемендікке қол жеткізуде, бүгінгі өркениетінде, Екінші дүниежүзілік соғыста жеңіске жеткен ата-бабаларымыздың еселі үлесін айтып өтті.

Жоғарыда айтқандай, мереке қарсаңында ұйымдастырылып жатқан үш ұрпақтың кездесу шаралары жер-жерлерде әлі де жалғасуда.

Собир РАХИМОВ,
КӨКҚ басшысының жастар мәселелері бойынша жәрдемшісі.

Әдебиет әлемінде

ШЫНАЙЫ СУРЕТТЕГЕН СӨЗ ШЕБЕРІ

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің шоқтығы биік тұлғаларының бірі – Мағжан Жұмабаев. Оның шығармалары қазақ руханиятының алтын қазынасы іспетті және ол ұлт азаттығын жырлаған, болашаққа зор үмітпен қараған ақын. Оның поэзиясы терең философиялық ойларымен, сыршылдық сипатымен, ұлттық рухты оятатын ерекше қуатымен ерекшеленеді.

Мағжан Жұмабаев — әдебиетте ұлы Абай дәстүрін жалғастырып, өз өлеңдерінде халықтың ауыр тағдыры мен өмірін шынайы суреттей білген ақын. Шығармашының әдеби мұрасы оның ақындық ұстанымдарын, ұлттық сана мен ұлттық болмысқа деген көзқарасын білдіреді. Қаламгер шығармалары қазақтың кең даласынан, сол даланың табиғи сулулығынан бастап, халықтың рухани әлеміне дейін кең ауқымды қамтиды. Ол өзінің поэзиясымен заманның алуан түрлі мәселесін көтеріп, қазақ халқының арман-мұратына терең үңіле отырып, әр сөзін жаны ашып, жүрегінен шығара жазды. Оның поэзиясында азаматтық, философиялық, махаббат, табиғат лирикасы үштасып жатады. Ой иесі өзінің философиялық, трагедиялық ой-сөзімін “Ойлар”, “Жұлдыздарға”, “Мен кім?”, “Толқындар”, т.б. өлеңдерінде танытады. Жастар тақырыбы да ақын қаламынан тыс қалған жоқ. Ағартушы өз шығармаларында жастарға ерекше сенім білдіреді. Оның “Мен жастарға сенемін” өлеңі бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтпаған:

*Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,*

*Қырандай күшті қанатты —
Мен жастарға сенемін!*

Бұл жолдарда қазақ жастарының қайратты, жігерлі болуы қажеттігі баса айтылған. Шын мәнінде де ақын жастарды батылдыққа, құш-қайратқа және ерлікке шақырады. Ол жастарды әрқашан күшті, қайратты болуға үндеп, өлеңде жастарға сенім артып, олардың болашағына үлкен үмітпен қарайтынын білдіреді. Қаламгер жастарды өз мүмкіндіктеріне сеніп, ел мен жер үшін, жалпы қоғам үшін белсенді қызмет етуге, жоғары мақсаттарға ұмтылуға шақырады деп білсек болады.

Ағартушының қоғамдағы орны мен рөлі де айрықша. Қаламгердің шығармаларында жыраулық дәстүр мен жаңа замандағы мәдениеттің тоғысуы анық байқалады. Ақынның замандастары, әдебиетшілер мен сыншылар Жұмабаевтың шығармашылығына үлкен баға берген. Қазақ әдебиетінің өкілдерінің бірі С.Сейфуллин: “Мағжан — жаңа қазақ поэзиясының негізін қалаушы. Оның шығармалары халықтың жүрегіне мәңгі сақталады”, — деп бағалаған. Бұл пікір ақынның поэзиясының қаншалықты терең әрі өзекті болғанын көрсетеді. Сонымен қатар,



А.Байтұрсынұлы да қаламгерге жоғары баға беріп: “Мағжан — қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы, оның шығармалары тек қазаққа ғана емес, бүкіл түркі дүниесіне ортақ”, — деген болатын.

Қаламгер тек ақын ғана емес, ағартушы, ұлағатты ұстаз болған тұлға. Оның “Педагогика” атты еңбегі қазақ білім жүйесі үшін аса маңызды. Бұл кітапта ұлттық тәрбиенің негіздері, бала психологиясы, ұстаздың рөлі жан-жақты қарастырылған.

Қорыта келгенде, Мағжан — қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыз. Оның өлеңдері — қазақ руханиятының ажырамас бөлігі. Шындық жыршыларының шығармалары әрбір қазақ баласының жүрегіне жол тауып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса бермек. Жалпы айтқанда, Мағжан поэзиясы — мәңгілік. Ол әрбір саналы қазақ жастарына жігер, рух, сенім бере алады деп сенеміз.

Бексұлу БАЛТАБАЕВА,
Шыршық мемлекеттік педагогика университеті бастауыш білім бағытының 1-курс студенті.